

ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Балтабек І.Б., Ногаева А.Т., дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің Ікурс
магистранттары

Ғылыми жетекші: **Таубалдиева Ж.Ш.**

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: z.taubaldieva@mail.ru

Бұл мақалада жастарды патриоттыққа тәрбиелеу - білім беру ұйымдары алдында тұрған өзекті міндеттер туралы жазылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу деп атап көрсетілген және жастардың бойында патриоттық қасиетті тәрбиелеу жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары қатарынан орын алатынын ашып көрсеткен. Жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығына аса құнды мұралар арнаған ғұламалар Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Қорқыт-ата, сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап, ерте орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың ойшылдары Ж.Баласағұни, М.Қашғари, А.Іүгүнеки, М.Х. Дулати шығармаларының елжандық тәрбиесінде алатын орнын ерекше атап кеткен.

Тірек сөздер: патриот, рәміздер, тәрбиелеу, мұралар, ойшылдар және т.б.

В статье речь идет о патриотическом воспитании молодежи - актуальных задачах, стоящих перед образовательными организациями. Также подчеркивается воспитание любви к Республике Казахстан, уважения к государственным символам, уважения к национальным традициям, нетерпимости к любым антиконституционным и антиобщественным явлениям, а также раскрывается, что патриотическое воспитание молодежи является одним из основных направлений воспитательной работы в средних школах. Посвящены важности патриотического воспитания молодежи ученые Аль-Фараби, Ахмет Ясауи, КORKYT-Ата, из древних орхон-енисейских надписей, мыслители раннесредневековых тюркских народов Дж.Баласагуни, М.Кашгари, А.Югунеки, М.Х. Дулати подчеркивал роль своих произведений в воспитании страны.

Ключевые слова: патриот, символы, воспитание, наследие, мыслители и др.

This article is about patriotic upbringing of young people - the current challenges facing educational organizations. It also emphasizes the education of love for the Republic of Kazakhstan, respect for state symbols, respect for national traditions, intolerance of any unconstitutional and anti-social phenomena, and reveals that patriotic education of young people is one of the main directions of educational work in secondary schools. Dedicated to the importance of patriotic education of young people, scholars Al-Farabi, Ahmet Yasawi, Korkyt-Ata, from the ancient Orkhon-Yenisei inscriptions, thinkers of the early medieval Turkic peoples J.Balasaguni, M.Kashgari, A.Iuguneki, M.Kh. . Dulati emphasized the role of his works in the upbringing of the country.

Key words: patriot, symbols, upbringing, heritage, thinkers, etc.

Жастарды патриоттыққа тәрбиелеу - білім беру ұйымдары алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеттерінің қатарында жеке тұлғаны «азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу», - деп атап көрсетілген [1].

Сондықтан, жастардың бойында патриоттық қасиетті тәрбиелеу жалпы білім беретін мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттары қатарынан орын алады. Отанымыздың әлеуметтік – мәдени және экономикалық дамуының жаңа кезеңі жастарды патриоттыққа тәрбиелеу мәселесін тағы да көкейкестендіреді. Қазақстан Республикасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында қазақстандық патриотизм мен саяси ерік-жігер жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары ретінде қарастырылады. «Жаңа жалпы қазақстандық патриотизмнің іргетасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша көп ұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады», - делінген. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеудің тарихы ежелгі дәуірлерге барып тоғысады, оны қазақ халқының тарихи жадысы сақтап келеді. Қазақстандық патриотизмнің бастауы қазақ жерінде алғашқы мемлекеттік қатынастардың пайда болуына сәйкес келеді.

Жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің маңыздылығына аса құнды мұралар арнаған ғұламалар Өл-Фараби, Ахмет Яссауи, Қорқыт-ата, сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап, ерте орта ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың ойшылдары Ж.Баласағұни, М.Қашғари, А.Иүгүнеки, М.Х. Дулати шығармаларының елжандық тәрбиесінде алатын орны ерекше.

Қазақтың ақын-жыраулары Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы патриоттық қасиеттерді жас ұрпақтың бойында тәрбиелеу туралы көзқарастарын терме-жырлар арқылы толғаған.

Патриотизмнің мәнін ашу барысында, ең алдымен, осы патриотизм идеяларының ерте замандарда туып, қалыптасқандығын айта кеткен жөн. Патриотизм идеясының дамуы Аристотель, Платон, Цицерон есімдерімен тығыз байланысты. Аристотель өзінің атақты «Риторика» атты еңбегінде дәстүрлер мен құқықтардың жалпы және жеке деп аталатын екі түрі бар деп тұжырымдайды [3, 163б.].

Цицерон болса Отанға деген қатынасты патриоттық санадан іздестіреді. «Ең мәртебелі ой-толғамдар Отанның игілігі жайында болмақ», - дейді Цицерон «Мемлекет туралы диалогінде». Отан деген ұғымға, ең алдымен, саяси орта, құқықтық қатынастар мен байланысы бар адамдар бірлестігі және мемлекет кіреді. Антик ойшылдары үшін Отан алдындағы парыздың мәні – оны тек жаулардан қорғау ғана емес, сонымен бірге мемлекет басқару ісіне белсене араласу [4, 26б.].

Бірнеше жүздеген жылдар бойы «патриотизм» ұғымы, әртүрлі өзгерістерге ұшырап, халыққа қызмет етуде патриоттық сезімдердің жоғарғы көрінісін тудыратын, әр қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдері ұсынған идеялармен байытылды.

В.И.Дальдің сөздігінде «патриот» сөзі қоғамды сүйуші, отансүйгіш, отаншыл дегенді білдіреді [5, 46б.]. Патриотизм тұлғаның қасиеті, өзінің Отанына деген сүйіспеншілігі мен қызмет етуге дайындығында көрініс табады.

Ю. К. Бабанскийдің «Педагогика» атты оқулығында «Патриотизм ... (грек тілінен аударғанда - Отан) әдетте Отанға деген сүйіспеншілік деп аталатын, нақты бір әрекет бейнесінде және қоғамдық сезімдердің күрделі жиынтығында көрініс беретін, балаларының Отан - Анаға деген көзқарасын сипатайтын қоғамдық және адамгершілік принцип», - деп көрсетілген [6].

В.Г.Белинский: «Жалқыдан жалпы басталатыны сияқты, патриоттық та ұлтшылдықтан азат Отанға деген сүйіспеншіліктен басталады. Өз Отаныңды сүю деген сол - Отаныңда бүкіл адамзаттық мұраттардың жүзеге асуын қызу қолдау және шамаң келгенше соған көмек көрсету», - дейді [7, 89б.].

Н.Г.Чернышевскийдің ойы бойынша: «Отан деген, ең алдымен, халық. Белгілі бір жерде тарихи қалыптасқан халық, сол жерге тер төгіп, өз еңбегімен түрлендіретін халық, сол жердің бостандығы мен тәуелсіздігін қан төгіп нығайтатын халық, тек сол халық қана жерді әлеуметтік мағынада толтырып, Отан деп аталатын ұғымға айналдырады» [8, 95б.].

Қазақ елі ел болғалы сан ғасырлар бойы елдігін сақтау үшін қаншама күрес, ұрыс-соғыс, жорық-майдан жолдарынан өтті, қаншама дәуірлерді, қасіретті, қайғылы жағдайларды, қысылтаяң кезеңдерді бастан кешірді. Қаншама ержүрек, батыр ата – бабаларымыз сол жолда мерт болды. Сондағы алыстан бұлыңғырлана, бұлдырай елес болып көрінген, асыл арманымыздай болған ең басты, ең түпкілікті мақсатымыз – еліміз бен жерімізді аман сақтап, бостандық, еркіндікке қол жеткізіп, тәуелсіздік туын тігу еді. Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата-бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы-сырнаының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, шешендік сөз, айтыс өлеңдері мен бостандық үшін жері мен елін қорғаған батыр бабаларымыз туралы тарихи дастандары ғасырлар бойы өз ұрпағын өнегелі де, өнерлі, адамгершілік ар – ожданы жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ патриот ұрпағын тәрбиелеуде оқушылардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын сүю секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде осы ата – бабамыздың салт-дәстүрін негізге ұстансақ, өте ұғымды болар еді.

Туған жерге деген ыстық сезім, Отанға деген құрмет пен қадір-қасиетті дала ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашғари және т.б. айтып өткен болатын.

Ықылым заманнан бізге жеткен «Қорқыт ата кітабында» тәлімдік мәні зор қанатты сөздер мен ұстаздық ұлағаттар көптеп кездеседі. Мысалы, «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр болып туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырмалып тұмағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық», - деген екен [9, 160б.].

Әл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу», «Риторика», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелермен бірге көркемдік, сұлулық, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, олардың негізін дәлелдеп берген [10, 382б.]. Сонымен бірге Әл-Фарабидің Отанына деген сүйіспеншілігін, сағынышын мына өлеңінен байқаймыз:

Өткенім жоқ, елім сенен, Атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым жалғыз, жұртым шалғай, Ғылым атты шам іздеп,
Ақтадым мен ақ сүтінді, Келгенімше шамамның,
Ассам дағы сексен жастан. Сәбиіңмін балаңмын...
Айналайын, атам қыпшақ. Туған жерді сағындым.
Өз атыңа құрметіңе. Қайда жүрсем табындым !

М.Қашғаридің «Отан дәстүр мен ұлттық мәдениеттен тұрады. Отаннан күдер үзу болғанымен, дәстүр, салтты аттап кетуге жол жоқ» деген мақалы ұлттық дәстүр мен ұлттық мәдениеттің маңыздылығын аңғартады .

Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі халықтың береке-бірлігін, ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борышы - өз Отанын жаудан қорғау екендігін Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шал ақынның өлең – жырларынан көре аламыз. Бұқар жырау:

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы,
Би жігітке жарасар
Халқына тиген пайдасы, - деген екен [11, 384б.].

Қазақ даласының айбынды ақындарының бірі Махамбет қазақ шаруаларын бостандық үшін күреске шақырып, қара халықты бақытқа жеткізуді өмір бойы армандап кеткен. Ол өзінің үзеңгілес серігі Исатаймен бірге халықтың ерлігін, олардың адамгершілік қасиеттерін жыр етеді.

Осы жобада әдебиеттердің ғылыми-теориялық талдауы мынаны көрсетеді, бұл мәселенің түрлі аспектілері Аристотельдің, Платонның, Цицеронның, ХҮІІІ ғ. француз

материалистерінің, неміс философтарының, орыс революционер-демократтарының, қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиевтің және т.б еңбектерінде зерттелген.

Ш.Уәлихановтың патриотизмі халықты ағарту ісі жолындағы жалынды күресінен көрінеді. Ол «Европаның жалпы адамзаттық ағарту ісін игеруі, оның осы мақсатқа жету үшін белсенді күресі, даму мен мәдениетке қабілетті кез-келген халықтың түпкі мақсаты, тек шынайы білім ғана күмәннен қорғаушы рухы, тек сол ғана адамды өмір мен жақсы тұрмыс жағдайды бағалауға үйретеді, дегенмен халықтың қалыпты өсіп дамуы үшін ең алдымен еркіндік және білім қажет...», - дей келе, «Менің патриоттық сезімім ірбіт сандығындай, мен, ең алдымен, отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін», - деген екен [12, 254б.].

Ал қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ А.Құнанбаев еңбектерін зерделеп қарайтын болсақ, жастарды ерлікке, патриоттыққа баулып, намысын, ар-ожданын, адамгершілік қасиеттерін оятатын жыр жолдарын кездестіреміз. Оның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген сөзі барша жұртты жауласу, күш көрсету дегенді білместен, тек тату-тәтті өмір сүруге шақырады. Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу туралы және қазақ халқының гуманистік мұраттары адамгершілік туралы көзқарастарын «Қара сөздер» атты еңбегінде білдірген. Ол өз заманы үшін озық адамгершілік идеяларды ұсынды, адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы және мінез-құлықтың адамгершілік нормалары - «орта, дәуір» - адамзаттық заңнама және адамдардың өмір тіршілігі адамгершіліктің жалпы алғы шарттарының көзі, «адамды заман қалыптастырады және егер де адамгершілігі болмаса, онда оған замандастары кінәлі», - деп атап көрсеткен [13, 259б.]. А.Құнанбаев өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінеді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты.

Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің де өз халқының болашағына сенімі мол болды. Адамгершілік тәрбиенің негізгі қасиеттеріне патриотизм, гуманизм, адалдық, еңбек сүйгіштік, қарапайымдылық, әділеттілікті жатқызады. «Патриотизм және гуманизм – адамгершілігі мол адамның маңызды белгілері», - деп «Қырғыз хрестоматиясы» атты еңбегінде атап өткен. Сонымен қатар ол әділетсіздікке, заңсыздыққа қарсы болып, халықтың сауатын ашып, өркениетті елдер деңгейінде көруді армандады. Жастардың Отанға, елге, жерге, әдеп-ғұрыпқа сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін халықтың ауызекі шығармашылығы арқылы қалыптастыруға талпынды [14, 259б.].

Сонымен қатар Ш.Құдайбердиевтің пікірінше, адамгершілік адамның мейрімділік, ұят, ар, еңбек сүйгіштік, адамды тұлға ретінде бағалай білу, терең сыйластық секілді ізгілікті сезімдерінен көрінеді [15, 120б.]. Жоғарыда аталған қазақ ағартушыларының ілімдеріне сәйкес патриоттық сезім дегеніміз - Отанын, өз елін сүю, Отан үшін күресу, еңбек ету.

Өсіп келе жатқан ұрпақты ұлттық негізде тәрбиелеу патриотизммен, азаматтықтың қалыптасуымен тығыз байланысты. Ғалымдардың көрсетуінше, біздің еліміздегі қазіргі жағдайда адамға қазақстандық мәдениеттің, өнер мен білімнің тәрбиелік әсері төмендеп отыр. Қоғамның санасында дәстүрлі патриоттық сезімнің жоғалуы, ал керісінше шыдамсыздық, өзімшілдік, жекелік, ашуланшақтық, әскерге және мемлекетке деген, оның рәсімдеріне және әлеуметтік институттарға деген сыйламаушылық қасиеттердің пайда болуы байқалып отыр. Елімізде азаматтық пен патриоттыққа тәрбиелеу жүйесінің жаңа түрін қалыптастыру мен дамыту қажеттілігі туындайды. Ол жүйе әлеуметтік мағыналы байлықтарды қалыптастыруға және барлық дәрежелі мемлекеттік органдардың, ғылыми және білім беру мекемелерінің қызметтерін біріктіруге бағытталған.

Б. Момышұлы «Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман - саулығы, қоғамның мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын тікелей сезіну, өзіннің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз - жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз - мемлекет деген ұғымды, оның

жеке адаммен барлық жағынан: өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым - қатынасын білдіреді», - деп атап көрсеткен. Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі – онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизм жөнінде айтып өту қажет. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, аумағы, тілі, тұрмыс – тіршілігі, мінез – құлқы, психологиялық және этностық ерекшеліктері қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да, әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен байланысты. Мұның бәрін міндетті есепке алу үшін, әрі бұл сезімді әскерлерге күш – жігер беретін мықты құрал ретінде пайдалана отырып, патриотизм, Отанға, ұлтқа сүйіспеншілік ұғымының жалпы арнасына бағыттап жіберу үшін білу қажет [16, 176б.].

«Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбекте «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс - қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де, барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс ... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн», сонымен қатар «Біздің алдымызда бабаларының игі дәстүрлерін сақтайтын, күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр», - деп орынды атап көрсетеді [17, 106.]. Міне, осы сөздің өзі патриоттық тәрбиенің басты міндеттері болып саналады. Философиялық сөздікте мынадай анықтама беріледі: «Патриотизм ... мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік, адалдық, оның өткені мен бүгініне мақтаныш, Отан мүддесін қорғауға тырысу болып табылатын адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім » [18, 130б.].

Педагогикалық сөздікте «... патриотизм өз халқына, Отанға деген сүйіспеншілік... пролетарлық интернационализммен берік байланысқан»-деп көрсетілген [19].

Этикалық сөздікте «Патриотизм (грек тілінен *patre* - Отан) – Отанға деген махаббат деп аталатын қоғамдық сезімнің күрделі кешенінде белгілі іс кезінде көрінетін өз еліне деген адамдық қатынасын сипаттайтын қоғамдық және адамгершілік принцип» деген анықтама беріледі [39, 316б.].

Осы тұрғыдан алғанда, қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы заңды құбылыс, ол тәуелсіз Қазақстанның идеялогиясы мен мемлекеттік саясатының жаңа парадигмаларын ендіру мен бекітуге негізделеді. Сол себепті *қазақстандық патриотизм дегеніміз кеңестік патриотизм мен интернационализм негізінде пайда болған, оған азаматтық сезімді қосқанда жаңа қоғамның адамгершілігі қалыптасқан саналы тұлғасының рухани тірегі болып табылатын ұғым* деп түсінеміз.

Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік - қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап, қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады [19, 248б.].

«Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз ... Қазақстан – түрлі тарихи аласапырандарды басынан өткізіп барып, тәуелсіздікке қолын жеткізген көп ұлтты республика. Сондықтан оның берік негізі патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қоя білуіне байланысты болмақ. Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа Конституциясында да Республика қызметінің түбегейлі қағидаларының бірі - қазақстандық патриотизм» деп атап көрсетілген .

Жеке тұлғаның азаматтық жауапкершілік сезімі рухында, «XXI ғасыр табалдырығында» атты еңбекте былай делінген: «... әр адам бала кезінен Қазақстан - менің Отаным, ол мен үшін жауапты, мен ол үшін жауаптымын деуі қажет», - деп қазақстандық патриотизмнің дамуына көңіл бөлген [2].

Қазақстандық патриотизм - өзінді Республика халқының құрамдас бөлігі ретінде сезіну, Қазақстан Республикасының біртұтас Отан ретінде сүйіспеншілік және берілгендік сезімді, халық пен елдің мүддесін қорғайтын, тіпті әскери борышын атқаруда жүзеге асыратын азаматтық парызы мен намысын тәрбиелеу болып табылады.

Бұл ретте С. Барбосов: « ... Сондықтан қазақстандық патриотизмді жан – жақты уағыздау, оны еліміздің әлеуметтік топтарының ой – санасының, дүние танымының құрамдас бөлшегіне айналдыру, әр азаматтың әлеуметтік - саяси позициясы ету ұлттық идеологияның ең түйінді міндеттерінің біріне айналуға тиісті» деп атап көрсетеді .

В.А.Сухолинский: «Патриоттық сезім мен моральдық қасиеттер ерік – жігер Отан идеяларын түсіну, оның бүтінгісі мен болашағын ойлау, оған деген сүйіспеншілік, мақтаныш, алғыс сезімі, жауына деген өшпенділік Отаны үшін жанын беру сезімі арқылы адам жасөспірім шағында өзін-өзі таниды, өз беделін бекітеді, осы арқылы тәрбиеленеді», - деп есептейді.

Зерттеуші Д.С.Құсайынованың көзқарасы бойынша «...алдымен мемлекеттің негізін құ райтын ұлттық бірлестік жүзеге асқан жағдайда ғана толыққанды ұлттық патриотизм болуы мүмкін. Ұлттың әр түрлі қарама-қарсы топтарға жіктеліп, бөлінуі толыққанды патриотизмді тудыра алмайды және бұл Отанының өмір сүруіне қауіп төндіруі мүмкін», - дей келе, «патриотизм - адамның туа біткен биологиялық қасиеті емес, ол - әлеуметтік, тарихи қалыптасқан Отанға деген сүйіспеншілік сезім, ол Отанға қызмет етуден көрінеді». Сонымен қатар қазіргі жағдайда қазақстандық патриоттық тәрбиенің мынадай негізгі бағыттарына ықпал ету қажет деп ойлайды:

1. Егеменді және тәуелсіз Қазақстанның жаңа идеологиясын (идеялар, мұраттар жүйесін) жасау. Республика азаматтарының осы жаңа идеологияны терең түсініп, меңгеруі, Қазақстан Республикасын өз Отаны деп түсінуі.

2. Қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік және мемлекеттік құрылымдар тарапынан патриоттық тәрбиеге байланысты жұмыстардың нәтижелілігін тексеру және жүйелі түрде жоспарлап отыру.

3. Республика бойынша біртұтас халықтық – шаруашылық кешен дайындау, Қазақстандағы ұлттық қоғамдастықтар арасындағы өзара байланысты жетілдіру.

4. Қазақстандық патриоттық тәрбие дұрыс жолға қойылған ұжымдар тәжірибесін зерттеу және тарату.

5. Қазақстандық патриоттық тәрбиедегі қоғамдық қозғалыстар, партиялар, мемлекеттік құрылымдар, электрондық техника, баспасөздің рөлін дамыту.

6. Әрбір азаматтың бойында «Қазақстан Республикасының бірыңғай халқының санатындамын» деген сананы Республика азаматының жалпы ұлттық намыс сезімі ретінде тәрбиелеу.

7. Азаматтарда Қазақстан Республикасының экономикалық, мәдени және әскери күшін нығайту, оның мүдделерін қорғау тәрізді патриоттық парыз сезіміне жауапкершілікті қалыптастыру.

8. Елдің барлық азаматтарын ұлтшылдыққа, шовинистікке, экстремизм мен сепаратизмге төзбестік рухта тәрбиелеу.

Сонымен жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми жұмыстарына талдау жасау, қазіргі жаңа білім беру парадигмасында патриоттық тәрбие кеңінен түсіндірілуде, деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Жаңа типті мектептердің пайда болуы гимназиялар, лицейлер, элитарлы колледждер, жекеменшік мектептер, рухани жаңару мектебі білім беру бағыттарына еркін таңдау жасауын қарастыра отырып гуманизм, гуманизация, гуманитаризация қағидасына негізделген білім беру процестері, оқытуға дифференцияланған ықпал жасауды нығайтады. Біздің көзқарасымыз бойынша, жоғарыда айтылғандар білімнің құндылығын бағалап, білім алуға ұмтылатын, сонымен қатар өзінің жоғарғы деңгейдегі мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, ерлігін, Отанына деген патриоттық сезімдегі сүйіспеншілігін көрсете білетін жаңа оқушылар буынының қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз.

Жалпы алғанда түрлі жұмыстарды талдау нәтижесі патриоттық тәрбиеге қатысты түсінікке мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: *патриоттық тәрбие - әлеуметтік құбылыс, ол бір жағынан, тұлғаның тарихи - саяси даму аспектісін, ал екінші жағынан, жастарды өнегелі азаматтық тәрбиелеудегі психологиялық - педагогикалық аспектіні сипаттайды.*

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың барлығын тұжырымдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: «тәрбие», «патриотизм», «кеңестік патриотизм», «қазақстандық патриотизм», қазіргі жастардың патриоттық тәрбиесінің маңыздылығын анықтауға мүмкіндік беретін қосынды болып табылады.

Патриоттық тәрбие барысында жастардың бойында Отанға сүйіспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан елдерге ынтымақтастық, ел тағдырының болашағы үшін жауапкершілік, экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттестік, ғылыми, саяси-моральдық және туған жерін қорғау мақсатындағы әскери әзірлік, Отанын саяси, идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді мінез-құлық қалыптасады және дамиды. Сонда даму өрісінің басты тірегі - патриоттық тәрбие дей отырып, дамудың өзі патриотизмсіз жүзеге аспайтынын мойындаған жөн деген қорытындыға келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР :

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы Заңнама. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2004.
2. Аристотель. Риторика. - Москва: ОГИЗ. Соц.ЭКГИЗ, 1939.- 163с.
3. З.Цицерон. Диалоги о государстве, о законах. - Москва: 1966. - Т.VI. – С.26-28.
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4т. - Москва, 1978. - Т.3. - С.24.
5. Бабанский Ю.К. Педагогика. – Москва: Просвещение, 1983. – 256с.
6. Белинский В.Г. Полн. собр. соч. - Москва, 1954. - Т. IV. - С. 489.
7. Чернышевский Н.Г. Изб. философ. сочинения. - Москва, 1984. - Т. IV. - С.495.
8. Қорқыт ата кітабы. Түрік тілінен аударған Б. Ысқақов. - Алматы: Жазушы, 1994. – 160б.
9. Әл – Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 382б.
10. Бес ғасыр жырлайды.. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384б.
11. Валиханов Ч. Собр. соч. - Алма – Ата, 1961. - Т.1. - С. 524.
12. Құнанбаев А. Қарасөз. – Алматы: Рауан, 1995.- 259б.
13. 13.Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. - Алматы, 1995.- 259б.
14. Шакарим Кудайберды. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. - Алма – Ата: Жазушы, 1990. - 120с.
15. Момышұлы Б. Психология войны. – Алматы, 1996. - 176с.

ӘОЖ 378.24

<https://doi.org/10.53355/q5625-2640-9396-m>

СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАНЫ ЛОГОПЕД МАМАНМЕН СҮЙЕМЕЛДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бейбітова М.Е., Чебекова Д.А.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: nurai_gali@mail.ru

Мақалада сөйлеу тілінде бұзылысы бар баланы логопед маманмен сүйемелдеу технологиясы қарастырылған. Авторлар логопед қызметінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін, логопедиялық жұмыстың мазмұны логопедтің кәсіби қызметінің әр бағытын, білім беру ұйымындағы логопед пен мамандардың бірлескен іс-әрекетін талдайды.

Тірек сөздер: сөйлеу тілінде бұзылысы бар бала, арнайы білім, кәсіби қызмет, логопедиялық жұмыс, логопедиялық сүйемелдеу.